

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2026 жылғы 10 тамыздағы № 90
бұйрығыМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

**«Бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттар мен
медициналық бұйымдардың тізбесін айқындау туралы» Қазақстан
Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №
ҚР ДСМ-88 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-88 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24078 тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшамен бекітілген бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттардың тізбесінде:

реттік нөмірі 318-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

318.	H01AC01	Сомат-ропин	инъекцияға арналған ерітінді/ инъекцияға арналған ерітінді дайындауға арналған лио-филизирленген ұнтақ 6 мг	кар-тридж/ құты
------	---------	-------------	---	--------------------

»;

реттік нөмірлері 1291–1293-жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 1307-1314-жолдармен
толықтырылсын:

«

1307.	L04AC05	Устекинумаб		шприц
-------	---------	-------------	--	-------



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

			псориаз және псориазды артрит ауруы бар пациенттерді емдеу үшін алдын ала толтырылған шприцтердегі инъекцияға арналған 45 мг/0,5 мл ерітінді (препараттың әрбір бірлігімен қосымша препараттың 1 бірлігі тегін беріледі)	
1308.	L04AC05	Устекинумаб	Крон ауруы және ойық жара колиті ауруы бар пациенттерді емдеу үшін инъекцияға арналған ерітінді 90 мг/1 мл (препараттың әрбір бірлігімен қосымша препараттың 1 бірлігі тегін беріледі)	шприц
1309.	H01AC01	Соматропин	инъекцияға арналған ерітінді/ инъекцияға арналған ерітінді дайындауға арналған лиофилизирленген ұнтақ 10 мг	кар-тридж/құты
1310.	H01AC01	Соматропин	инъекцияға арналған ерітінді/ инъекцияға арналған ерітінді дайындауға арналған лиофилизирленген ұнтақ 12 мг	кар-тридж/құты
1311.	H01AC01	Соматропин	инъекцияға арналған ерітінді/ инъекцияға арналған ерітінді дайындауға арналған лиофилизирленген ұнтақ 15 мг	кар-тридж/құты
1312.	H01AC01	Соматропин	инъекцияға арналған ерітінді/ инъекцияға арналған ерітінді дайындауға арналған лиофилизирленген ұнтақ 20 мг	кар-тридж/құты
1313.	J07AL02	Пневмококктық тазартылған полисахаридті конъюгацияланған антиген	полисахаридті конъюгацияланған белсенділігі жойылған 20 валентті адсорбцияланған пневмококкты вакцина, бұлшықет ішіне енгізуге арналған суспензия, 0,5 мл/доза	шприц/доза
1314.	L01FX14	Полатузумаб ведотин	инфузияға арналған ерітінді дайындау үшін концентрат дайындауға арналған лиофилизат, 140 мг (препараттың әрбір 5 бірлігіне қосымша препараттың 1 бірлігі тегін беріледі)	құты

».

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Дәрі-дәрмек саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі **А. Альназарова**